

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің түлектері
қауымдастығы мүшелерінің жиналысының

№ 3 ХАТТАМАСЫ
« 23 » 06 2023 ж.

Төраға: Мирас Иманғалиев

Хатшы: Данекер Какимова

Қатысқандар: БҚИТУ түлектері қауымдастығының мүшелері: Сағатов Азат, Бисекенов Мирфат, Жалғасова Актоты, Какимова Данекер, Садыкова Алия, Максотов Кали, Чампалов Сергей, Боранбаева Айгерим, Джанболатов Нурболат, Мустафина Фариза, Куанышкали Галимат, Касимов Нуркен.

Шақырылғандар:

1. БҚИТУ-дың тәрбие ісі жөніндегі проректоры А.И.Абекешев

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1) Студенттерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге бағытталған іс-шараларды университеттің «Тілдесу алаңы» жобасында, бірлесіп өткізу
- 2) Қарт адамдарға көмек көрсету үшін түлектер, еріктілер тобымен көмекті ұйымдастыру
- 3) Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2023-2029 жылдарына арналған даму бағдарламасын жасақтауға қатысу және соның ішіндегі мәселелерді қарап, талқылау.

Спикерлер:

Бірінші сұрақ бойынша Джанболатов Нурболат сөз алды:

ЖОО студенттеріне осы оқу ордасының түлектерімен және Батыс Қазақстан облысының көрнекті ғалымдарының қатысуымен тәрбие сипатындағы іс – шараларды ("Мәншүк – қазақ даласының қызы", «Б.Момышұлы-қазақ халқының ұлы» және т.б.) мамыр айында ұйымдастыруды ұсынамын.

Екінші сұрақ бойынша Максотов Кали өз ұсынысын білдірді:

Кәзіргі кезде Қазақстанда еріктілер қызметі жан-жақты дамып келе жатыр. Бұл туралы Халықаралық волонтерлер форумында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты. Мен өзім еріктілерді барынша қолдаймын. Сіздердің табанды жұмыстарыңызды жоғары бағалаймын. Осы саладағы барлық бастамаларды қолдаймын», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыған орай кәзіргі таңда университет аумағында аз қамтылған отбасыларға, зейнетке шыққан педагог саласының ардагерлеріне, қарт адамдарға және ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне көмек көрсету бойынша түлектер қауымдастығының мүшелері мен университет еріктілер тобымен бірге әр түрлі шаралар ұйымдастыру (көмек көрсету, ауласының аймағын жинау, жылы киімдермен қамтамасыз ету, университеттегі мерекелік шараларға шақыру).

Үшінші сұрақ бойынша Какимова Данекер сөз алды:

Какимова Данекер қатысушыларға Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2023-2029 жылдарына арналған стратегиялық құжатпен туралы айтып өтті, жоғары оқу орнын дамытудың негізгі мақсаттары,

міндеттері және оның орта мерзімді перспективаға арналған орнықты даму тетігі белгіленген негізгі құжат болып табылатындығына тоқталды. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасын жасақтауға университеттің келесі түлектерін ұсынды:

1. М.Т.Бисекенов, Батыс Қазақстан облысының қоғамдық даму басқармасының жастар ісі жөніндегі бөлім басшысы, БҚИТУ түлегі

2. Н.Касимов, “Жас туристер станциясы” КММ спорттық бағдарлау бөлімінің қосымша білім беру педагогі, БҚИТУ түлегі

3. Д.М.Какимова, БҚИТУ аға оқытушысы, БҚИТУ түлегі

Қаулы:

1. Студенттерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын (өтетін мерзімі: қыркүйек-қазан 2023ж.)

2. Волонтерлік топтармен 2023 жылдың соңына дейін зейнетке шыққан педагог саласының ардагерлеріне, қарт адамдарға және ҰОС ардагерлері үшін "қайырымдылық" акциясы өткізілсін.


3. Төменде келтірілген тұлғаларды БҚИТУ-ды дамытудың 2023-2029 арналған жоспарын жасақтау тобына қосу университет әкімшілігіне ұсынылсын:

- М.Т.Бисекенов, Батыс Қазақстан облысының қоғамдық даму басқармасының жастар ісі жөніндегі бөлім басшысы, БҚИТУ түлегі

- Н.Касимов, “Жас туристер станциясы” КММ спорттық бағдарлау бөлімінің қосымша білім беру педагогі, БҚИТУ түлегі

- Д.М.Какимова, БҚИТУ аға оқытушысы, БҚИТУ түлегі

Төрағасы:




(колы)

М. Имангалиев

(аты-жөні)

Хатшы:



(колы)

Д.Какимова

(аты-жөні)